

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай -бақшасы
«Бәйшешек» кіші (2 жастағы балалар) тобы

Ата-аналар ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Тәрбиешілер: Қойбағарова У.
Зиябекова Д

2022-2023

№ 53 «Бір Асыл» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

«Бірдеңе» II кінші тобының ата-аналар жиналысының № 1 хаттамасы.

Күн: 16.09.2022 ж.

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 7

Себепті: 7.

Себепсіз: 2.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: «Бала тәрбиесіне мән берейік».
2. Ата-аналар комитетін сайлау, жаңа оқу жылының жоспарымен таныстыру.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

I - мәселе бойынша топ тәрбиешісі Қойбағарова Ұ сөз алып, ата-аналарды жана оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылындағы өзгешеліктерді және балаларды күн тәртібін сақтай отырып, балабақшаға кешіктірмей алып келіп, уақтылы алып кайтуды айтты. Биылғы оқу жылында балаларға жаңартылған бағдарлама бойынша білім беріп, ата-аналарға әке мен ана баланың алғашқы тәрбиешілері, ал сол ата-аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс екендігін атап өтті. Балабақшаның күн тәртібін сақтауды талап етті. Соондай-ақ тәрбиеші «Бала тәрбиесіне мән берейік» тақырыбында баяндама оқыды.

II- мәселе бойынша жаңа оқу жылында ата-аналар комиетін сайлауды ұсынды. Ата-аналар өзара ақылдаса келе Жанасылдың, Мединаның анасын тағы біраз аналардың ұсынысы бойынша бірауыздан келісе отырып, төрайым ретінде Сыздыкова Майра болсын, ал көмекшілері болып, Жұбандыкова Салтанат, және Нұрланова Айида болып сайланды. Ал басқа ата-аналар бір ауыздан келісті.

III – мәселе бойынша балалар үшін тәрбиешілер мен ата-аналар біріге отырып балалардың даму деңгейін, денсаулығын, дұрыс тамақтануын қадағалау қажет екенін айтты. Балаларға берілетін жан-жақты тәрбие түрлері мен іс-шаралар мен ертеңгіліктерде қол ұшын беруге дайын екенін айты. Балаларды балабақшаға кешіктірмей уақтылы әкелуін, төлем ақыны уақтылы төлеуін, ауа-райына сай киіндіруін, және бақшадан себепсіз қалдырмауын, ал қалған жағдайда міндетті түрде хабар беріп, анықтама әкелуін атап айтып өтті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындап, ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болсын.
2. Ата-аналар комитетінің төрайымы Сыздыкова М, ал көмекшілері болып, Жұбандыкова Салтанат және Нұрланова Айда тағайындалсын.
3. Балалар бақшадан қалған жағдайда хабарлап айтылсын, және анықтама әкелінсін.

Төрайым :

/Ұ.Қойбағарова. /

Хатшы:

/ Д.Зиябекова.. /

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай- балабақшасы МКҚК-ны

«Әсел» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының №2 хаттамасы.

Күні: 17. 12. 2022 ж.

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны: 10

Себепті: 8.

Себепсіз: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: «Денсаулығы сәбидің – қуанышы әр үйдің».
2. «Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс-шаралары» таныстыру.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын топ тәрбиешісі Қойбағарова Ұлбосын апай ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жыл жаңа қуанышымен келуін тіледі.

I- мәселе бойынша топ тәрбиешісі Д.Зиябекова «Денсаулығы сәбидің – қуанышы әр үйдің» тақырыбында баяндама оқыды.

Ата-аналар баяндаманы тыңдап өз ризашылықтарын білдірді.

II- мәселе бойынша топ тәрбиешісі М.Есенбаева ата-аналарға балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздан ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

III- мәселе бойынша тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Тәрбиені «Денсаулығы сәбидің – қуанышы әр үйдің» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттандырарлық деп табылып, ата-аналармен біріге отырып, балалардың денсаулығы үнемі қадағалауда болсын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін, іс-шара өз деңгейінде өткізілсін.
3. Ата-аналар өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындап, ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болсын.

Төрайым :

/Ұ.Қойбағарова. /

Хатшы:

/ Д.Зиябекова.. /

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

«Әсел» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының № 3 хаттамасы.

Күні: 10. 03. 2023 ж

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 6

Себепті: 4.

Себепсіз: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Әңгіме: «Баланың тәрбиесі мектеп талабына сай болу керек».
2. Сұрақ-жауап. «Не үйреніп, не білдік?».
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

I-мәселе бойынша топ тәрбиешісі Зиябекова Д «Баланың тәрбиесі мектеп талабына сай болу керек» деген тақырыпта әңгіме жүргізді. бір жыл бойғы алған білімдері туралы қорытындылады. Балалар балабақшадан көп нәрсені үйренді. Табиғатта өзін-өзі ұстау қарапайым мінез-құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, ағаш бұтағын сындырмау, гүлді жұлмау. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Өзінің сүйікті ертегілері мен әңгімелерін айтады. Ересектердің сұрақтарына толық жауап береді. Үстел басында өзін-өзі ұстау қарапайым ережелерін орындайды. Жақын адамдарына көмектесіп, қол ұшын беруді үйренді. Ата-аналардың пікірі тыңдалды.

Ата-аналар әңгімені тыңдап, өз ойларын ортаға салып, ризашылықтарын білдірді.

II- мәселе бойынша топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы –наурыз айында болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті.

8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап костюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесі балабақша ауласында барлық топпен бірге болатынын айтып, және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті. Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді.

Мерекеле балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен «Не үйреніп, не білдік?» атты тақырыпта ата-аналар арасында сұрақ-жауап жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Ата-аналардың пікірі тыңдалды.

III- мәселе бойынша ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Балабақша жазғы күндері де жұмысын тоқтатпайды, жазда балалар көп уақытын серуенде өткізеді, сол себепті басына жазғы қалпақтары болсын. Жазда шынықтыру жұмыстары және іс-шаралар өткізіледі. Жазғы айларда балаларына демалыс алуларына да болатынын ескертті.

Қаулы:

1. Бала тәрбиесіне ата-аналармен біріге талқыланған мәселе бойынша жұмыс ары қарай өз жалғасын тапсын.
2. Ата-аналар пікірі тыңдалып, үнемі байланыста жұмыс жүргізілсін.
3. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.

Төрайым :

/Ұ.Қойбағарова./

Хатшы:

/ Д.Зиябекова./


№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай- бақшасы
«Бәйшешек» кіші (2 жастағы балалар) тобы

Баяндама

**Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша
байланысы»**

Тәрбиешілер: Қойбағарова У.
Зиябекова Д

2022-2023 ж.



Балабақша - бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын
инабаттыда, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие
орталығы. Өміргекелген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен
балабақшатәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Отбасы - адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын
бесігі. Ол бала үшін бір үлкен әлем, осы әлемде бала алғаш өмірмен қарым
-қатынас жасап, өмірді сүюді, қиындыққа көнуді, қуануды, қайғыға ортақ
болу керек екенін ұғынып өседі. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін
жетілдіретін жағдайдың бірі отбасы ішілік және отбасынан тысқары
атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілін
қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа
түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында
баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттілігін түсінетін болады.
Отбасы тәрбиесі кешнеді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады.
Сондықтан кез келген педагогикалық тәрбие отбасымен қарым-қатынас
жасамай іске аспайды. Сондықтан балабақшадағы оқу-тәрбие ісінде
басты мақсаты ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу болып
саналады. Бұл барлық педагогтерге түсінікті жайт, дегенмен әлі күнге
дейін балабақша мен ата-аналармен жұмыс жүргізу кәзіргі күннің өзекті
мәселерінің бірі болып тұр деп ойлаймын. Сол себебтен балабақша
ұжымы, тәжірибелі педагогтердің жұмысының арқасында бүлдіршіндерге
ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып тәрбие ісіне
араласуына ат салысып жұмыс жүргізуіміз керек. Біз бірге болуымыз
керек екенін ұғындыру біздің басты міндеттеріміздің бірі екенін естен
шығармауымыз керек.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты сондықтан
ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны
дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне
ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің
мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі
әсерін тигізеді.

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті түсінікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс. Ол үшін біз ата-аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтау үшін, ата-аналардың ұсыныс - пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алуымызға болады. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата - аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс пікірлермен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен консультациялар, сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу тәсілдері қарастырылады. М. Әуезов «Қай істің болсын енуіне үш түрлі шарт бар. Ең алдымен әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» өмірлік тәжірибе ұлы жазушымыздың сезінің құдіреттілігін байқатады.

Баланы жан -жақты тәрбиелеуде отбасы мен балабақшаның, тәрбиеші мен ата-ананың байланысын нығайту арқылы біз қоғам талабына сай ұрпақ қалыптастыра аламыз.


№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай -бақшасы
«Бәйшешек» кіші (2 жастағы балалар) тобы

Баяндама

**Тақырыбы: «Денсаулығы сәбидің
қуанышы әр уйдің»**

Тәрбиешілер: Қойбағарова У.
Зиябекова Д

2022-2023 ж.



Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш – жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек. Денсаулық — адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөлді қажет, үнемі денсаулықты күтіп, оның қорын көбейтіп отыру керек.

«Денсаулық – ол зор байлық» деп бекер айтылмаған. Денсаулық адам өмірінің негізі, тірегі. Денсаулығы нашар адам қоғамда да, отбасына да жайсыз екені белгілі. Адам өз мақсатын денсаулықтың арқасында ғана жүзеге асыра алады. Дегенмен, әрбір адам өмірінде әдеттегі тіршілікпен өз денсаулығына атүсті қарап, профилактикалық тексеруде кейінге қалдырып, күнделікті маңызды мәселермен айналысу орын алады.

Бүгінгі таңдағы халықтың алға қойған асыл мұраты – көзі ашық, көкірегі ояу, дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Алайда, жас буынның адамгершілік қасиеті мен дене тәрбиесі қатар ұштасып жатса, бұл – ұлт болашағы үшін баға жетпес байлық екені сөзсіз. Бүгінгі дені сау ұрпақ – еліміздің ертеңгі болашағы. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі демекші, қазіргі кезде дұрыс тамақтану адамның өмір сүруі мен оның денсаулығының жағдайын анықтайтын және салауатты өмір сүрудің басты факторларының бірі.

Денсаулық – әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуда. Жылдық мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі – психикалық және физикалық дені сау тұлғаны дамыту. Оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда дені сау бала оқу процесіне белсене араласады, әрдайым жайдары, көңіл-күйі жоғары болады деген принципті ұстанып, әр баланың денсаулығына нұқсан келтірмей, аялай отырып оқыту міндеттеледі. Қай жағдайда болмасын мақсатқа жетуге денсаулықтың алар орны дара. «Денсаулық – зор байлық», яғни денсаулық мықты болса, оған білім мен біліктілікті қоссақ, адам баласы алмайтын қамал болмайды. Адам денсаулығы күнделікті күйбең тіршілігіміздің, өміріміздің, кәсібіміздің тйімді – тиімсіздігіне байланысты.

Денсаулықты сақтау, қалпына келтіру мәселесін бүгінгі білім беру

жүйесінде түгелімен шешу мүмкін емес. Дегенменде денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, жақсартуға болады. Әр тәрбиеші өз іс- әрекетінде дені сау адамның мүмкіншілігінің зор екенін, денсаулық ең құнды байлық екенін ескертіп және де салауатты өмір салтын ұстануға баланы бейімдеуі керек. Ата – анамен бірлесе отырып, баланың оқуына, рухани, физиологиялық дамуына көмек жасауын ұйымдастыру керек.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай- бақшасы
«Бәйшешек» кіші (2 жастағы балалар) тобы

Баяндама

Тақырыбы: «Баланың тәрбиесі мектеп талабына сай болуы керек»

Тәрбиешілер: Қойбағарова У.
Зиябекова Д

2023 ж.



Бала денсаулығына қамқорлық жасау. Баланың үздіксіз дамуын қалағалау, тәрбиесі мен мамандық таңдауға көмектесу. Баланы өзін - өзі тәрбиелеуге,

өзін – өзі дамытуға баулу. Баланың қызығушылығын, бейімділігін нығарманшылығын дамыту. Баланың жанжақты дамуына жағдай жасау. Бала тәрбиесі - ата - ана үшін күрделі де жауапты міндет. Ата - аналардың үйдегі іс - әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан да жақсы да, жаман да ісіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ демекші ата - аналардың да қателікке бой алдыратын кездері де болады. Осыған орай психолог мамандарымыз ата - аналарға мынандай 6 түрлі қателіктерді болдырмауға кеңес береді.

1. Сен баланы мүлдем қалаған жоқпын, ұнатпаймын сүймеймін деп айтқан, тәрбиенің қатаң құралдарының бірі, бұл сөзді еш уақытта айтпаңыз.

Оның орнына жылы сөзбен айналып, сен менің қолқанатымсың, сендей бала ешкімде жоқ, бірақ сенің мына ісінді құптамаймын деп айтып баланың дұрыс емес іс - әрекетіне тосқауыл қою керек

2. Бәріне көз жұма қарау.”не істесең де маған бәрібір” дейтін әке - шеше, балаңыздың немен шұғылданып жүргеніне қызықпайтыныңызды білдіріп қоясыз. Балаңыздың іс-әрекеті көңіліңізге қонымсыз болса да, оны бейбіт жолмен шешуге тырысыңыз. Балам сен мұндай істе менен көмек сұра.

Екеуміз ақылдасып тамаша іс тындырамыз деген сияқты көмек қолын соза отырып тәрбиелеуге болады.

3. Аса қаталдық.”мен не айтсам соны орындауың керек, өйткені үйде мен басшымын” деушілер қатты қателеседі.

Мұндайда бала қолды бір сілттеп кетіп қалады. Тым қаталдық аңды қолға үйреткенмен бірдей. Оның орнына тайға басқандай көрсетіп, түсіндіріп, иландырып жұмсау.”сен қазір мынаны істе кешке отбасымызбен бірге байсалды түрде талқылаймыз жарай ма?” - деп айтқаны абзал.

4. Балаларды тым еркелету “менің баламның күші жетпегендіктен мұны өзім істей салайын ”деп баласына кезіккен кедергіге өзі тойтарыс беріп бәйек болатын ата – ана. Бұларға ой салар пікір; шолжан, ерке балаларға өмір соқпағы оңайға түспесі анық. оның орнына сен күштісің мына істі өзің істеп көр, егер ойдағыдай болмаса мен саған көмектесем деп айтқан балаға демеу болары анық.

5. Бала тәрбиелеу үшін уақыттың тым аздығы.”өкінішке қарай саған көңіл бөлуге менің уақытым жоқ”,- деп жанұя мен бала тәрбиесін ысырып қойып белсенді еңбек етушілер қателескенін кеш ұғып жатады. Ата - анасынан уақыт жоқ деген сөзді жиі естіген бала ата - ана махаббатын басқа жақтан іздейді, тіпті сіздің жұмыс кестеңіз белгіленіп қойса да, кешкісін жарты - 1 сағатыңызды балаға бөліңіз. Оның төсегінің жанында отырып ертегі оқып немесе күні бойғы қандай қызықтар болғанын сұрау арқылы махаббатыңызды бөліңіз.

6.”Көп ақша – жақсы тәрбие ”махаббаттың қай түрін болмасын ақшаға сатып ала алмайсыз. Құлаққа біртүрлі естілгенмен оң пікір кейбір аз қамтылған жанұя “Бала ештеңеден тарықпасын” деп жан ұшырып жүреді. Дегенмен балаңыздың арманын орындай алмағаныңыз үшін өзіңізді кінәлі сезінбеңіз. Шындығында сіздің қалың әмияныңыздан гөрі шынайы сезіміңіз бен махаббатыңыз керек, онымен бірге ойнап, күлгеніңіз, бірге өткізген күндеріңіз бала үшін ерекше.

Қорытындылай келе осындай қарапайым қателіктен қаша отырып тәжірибелі мамандардың айтқанына ден қойсақ, әрбір жанұя жайдарылықта тыныштық пен махаббат мекеніне айналары сөзсіз. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайда” Не істеу керек?” деген ой туындайды. Әрине, ата – ана баласының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, оның тәртібін қадағалап отыру қажет. Тәрбие ешқандай үзілісті, демалыс күндерді білмейді. Ата - ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға болғандықтан баланың жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете бақылап отыру қажет.